

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша талдамалық анықтама

Өскемен қаласы

2018 жылғы 4 қыркүйек

Шығыс Қазақстан облысы әкімі аппаратының басшысының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығының негізінде, келесідей жұмыс тобы құрамында: жұмыс тобының жетекшісі А.А. Ауғанбаев, жұмыс тобының мүшелері Р. Н. Әспенбетова, М.В. Гагарина, Б.К. Нұрсейітова, Қ. Т. Тұтқышев, Қ.Ж. Тохмолдинамен «бөлімшенің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» және «бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыттары бойынша облыс әкімі аппаратының әкімшілік бөліміне қатысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі – 2018 жылғы 8 ай.

«Бөлімшенің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыты бойынша:

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексі, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы кодексі, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңы, «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізіліміне №6443 болып тіркелген), «Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізіліміне № 9934 болып тіркелген), «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 511 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізіліміне № 10007 болып тіркелген), «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізіліміне № 12590 болып тіркелген), «Мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 22 тамыздағы № 423 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізіліміне № 7197 болып тіркелген) зерделенді.

Жүргізілген талдау нәтижесі бойынша әкімшілік бөлімінің лауазымды тұлғаларының өз қалауы бойынша шешім қабылдауына ықпал ететін, жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруда кедергі жасауға ықпал ететін жағдайлар, нормативтік құқықтық актілерді өз бетімен түсіндіруге мүмкіндік беретін құқықтық оқшылықтар анықталған жоқ. Дискрециялық өкілеттіліктер мен нормалардың болуы анықталған жоқ.

«Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау» бағыты бойынша бөлім қызметкерлерінің басшымен мүдделер шиеленісі, теріс түсінік деректері анықталған жоқ, бөлім қызметкерлері орнықты жұмыс істеуде, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шектеулер мен тыйымдарды бұзушылықтар анықталған жоқ. Сонымен қатар, кадрлардың тұрақтамауы (60%) орын алып отыр.

1 бас инспектор-бас бухгалтер және 1 бас маман зейнет жасына жетуіне, 1 маман жұмыс орнын ауыстыруына байланысты жұмыстан босады. Кадрлардың тұрақтамауы сыбайлас жемқорлық көрінісіне қатысты емес және объективті сипатта. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Қазіргі уақытта бос орындар жоқ, бөлім құрылымына сәйкес: 1 бөлім басшысы, 1 бас инспектор-бас бухгалтер, 3 бас маманмен толық құрамда жұмыс істейді. Сондай-ақ, бөлім құрамында 4 бірлік штаттан тыс қызметкер бар.

Сонымен қатар, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңын, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығын іске асыру - конкурстарды жүзеге асыру және мемлекеттік қызметтерді жеткізушілермен азаматтық-құқықтық шарттар жасасумен қатысты. Осыған байланысты, сол немесе басқа өнім жеткізушінің пайдасына шешім қабылдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелі қарастырылады.

Сонымен қатар, ҚР ҚМ ШҚО Мемлекеттік ішкі аудит департаменті жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алуларға тұрақты негізде камералдық бақылау жүргізеді. Тексерілетін 2018 жылғы 8 айдағы кезеңде камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлықтың тәуекелі барлығына байланысты, әкімшілік бөлімнің мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға жауапты қызметкерлері үнемі кәсіби дайындық деңгейін, оның ішінде жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтауға қатысты деңгейін көтеріп отыруға тиіс.

Әкімшілік бөлім мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатыспайды, жеке және заңды тұлғаларға рұқсат құжаттарын бермейді. Осыған байланысты, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жоқ.

Әкімшілік бөлімнің функциясына облыс әкімі аппаратының ведомстволық бағынысты мемлекеттік ұйымдарының қызметіне бақылауды жүзеге асыру кіреді. Осыған байланысты, бақылау іс-шараларын жүргізу барысында сыбайлас жемқорлықтың тәуекелі бар. Мәселен, облыс әкімі аппаратының «ШҚО авиациялық бөлімшесі» КМҚК мемлекеттік мүлік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, бәсекелес ортаға берілуге немесе жойылуға жатады. Осы уақытқа дейін осы кәсіпорын жөнінде шешім қабылданған жоқ, онымен жыл сайын тікұшақ қызметін ұсыну туралы шарттар жасалады.

Осыған байланысты, ведомстволық бағынысты ұйымдарға қатысты бақылау іс-шараларын жүзеге асыруға жауапты әкімшілік бөлімінің қызметкерлеріне тұрақты түрде кәсіби дайындық деңгейін, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысты деңгейін арттырып отыруы қажет. Сондай-ақ, бөлімнің облыс әкімі аппаратының «ШҚО авиациялық бөлімшесі» КМҚК қызметін

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келтіру жөніндегі қызметін күшейту қажет.

2018 жылғы 4 - 19 маусым аралығында Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті сайлау өткізуге бөлінген, республикалық бюджет қаражатының пайдалануына мемлекеттік аудит жүргізді. Тексеру барысында Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті жоспарлаудың жетілмеуіне және есептеулердегі және өтінімдердегі қателіктерге байланысты бірқатар бұзушылықтарды анықтады. Қазіргі уақытта әкімшілік бөлімі облыс әкімі аппаратының ішкі аудит қызметімен бірлесіп, аудиторлық есепке шағымдануда. Сонымен қатар, анықталған бұзушылықтар Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзуға байланысты емес. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдар	Мерзімдері
Бөлім қызметкерлерінің кәсіби даярлық деңгейін арттыру	тұрақты

А. Ауганбаев

Р. Әспенбетова

М. Гагарина

Б. Нұрсейітова

Қ. Тұтқышев

Қ. Тохмолдина

БЕКІТЕМІН:

облыс әкімі аппаратының
басшысы

Р. Омаров

2018 жылғы «__» _____

Ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі 2018 жылғы 8 айға арналған іс-шаралар жоспары

№ р/р	Ұсынымдар	Іс-шара атауы	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындалу мерзімі
1	2	3	4	5	6
1.	Бөлім қызметкерлерінің кәсіби даярлық деңгейін арттыру	Біліктілік деңгейін көтеру, оқыту семинарлары, дөңгелек столдар және т.б. қатысу	Оқытудан өткенін растайтын сертификаттар, хаттамалар және өзге де құжаттар, мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік мүлік, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі НҚА –мен танысу туралы актілер	Главацкий Н.И.	тұрақты

2. *[Handwritten signatures]*